



otpanews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank  
арқылы жазылу

№15 (10522) 26 АҚПАН, БЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**15** НАУРЫЗ  
МАРТА  
**РЕФЕРЕНДУМ**

**Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!  
Важен голос каждого из нас!**

[www.election.gov.kz](http://www.election.gov.kz)

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖАҢА ЖОБАЛАРҒА ЖОЛ АШТЫ



МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНДЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ НАҚТЫ НӘТИЖЕСІН БЕРІП КЕЛЕДІ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ АЙМАҚТА БАРЛЫҒЫ 13,9 МЫҢ ЖОБАҒА 677,3 МИЛЛИАРД ТЕНГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛГЕН. ТЕК 2025 ЖЫЛДЫҢ ӨЗІНДЕ 564 ЖОБА 70,5 МИЛЛИАРД ТЕНГЕГЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛЫП, ЖҮЗДЕГЕН КӘСІПКЕР ӨЗ БАСТАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МҮМКІНДІК АЛДЫ. БҰЛ КӨРСЕТКІШТЕР ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ҮЛЕСІ АРТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН АҢҒАРТАДЫ.

Қаржылай қолдау тетіктері мемлекет тарапынан жүйелі түрде іске асырылып жатыр. Әсіресе «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының бағдарламалары өнір бизнесінің тынысын кеңейтті. Қор жанынан құрылған кепілдік беру құралдары кәсіпкерлерге банктік несиелерге қол жеткізуді жеңілдетсе, «Өрлеу» және «Іскер аймақ» бағдарламалары жеңілдетілген әрі қолжетімді қаржыландыру көздерін ұсынуға. Бұл бастамалар жаңа өндірістердің ашылуына, жұмыс орындарының құрылуына және салық базасының кеңеюіне ықпал етеді.

Кәсіпкерлікті қолдау шаралары Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан тұрақты бақыланады. Сонымен қатар ұлттық даму институттарын біріктіретін «Бәйтерек» холдингі арқылы бизнес жобаларды субсидиялау, кепілдендіру және инвестициялық қолдау механизмдері іске

асырылып келеді. Сарапшылардың пікірінше, мұндай кешенді қолдау экономиканы әртараптандыру үдерісін жеделдетеді.

Өнір басшысы Нұрдәулет Қылыбай соңғы жылдары халықтың кәсіпкерлікке деген қызығушылығы айтарлықтай артқанын атап өтті. Егер бұған дейін аймақ экономикасы негізінен мұнай-газ секторына тәуелді болып келсе, бүгінде логистика, ауыл шаруашылығы, туризм, қызмет көрсету салалары қарқынды дамып келеді. Әсіресе Каспий маңындағы көлік-логистикалық әлеуетті пайдалану, агроөнеркәсіптік жобаларды іске қосу және ішкі туризмді дамыту бағыттары стратегиялық басымдыққа айналған.

– Бүгінде халық мұнай саласына ғана сүйенбей, шағын және орта бизнесті дамытуға бет бұрып отыр. Бұл – өнір экономикасының тұрақтылығы мен жаңа жұмыс орындарының көбеюіне негіз болады. Осы уақытқа дейін көрсетілген қолдау үшін алғыс білдіреміз. Алдағы уақытта да халық игілігі үшін бірлескен жобаларды нәтижелі жүзеге асырамыз деп сенемін, – деді Нұрдәулет Қылыбай.

Ресми деректерге сәйкес шағын және орта бизнес субъектілерінің өнірлік жалпы өнімдегі үлесі жыл сайын өсіп келеді. Бұл – мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін көрсететін маңызды көрсеткіш. Кәсіпкерлерге берілетін субсидиялар мен кепілдіктер өндіріс көлемін арттыруға, жаңа нарыққа шығуға және технологиялық жаңғыртуға жол ашады.

Кездесу қорытындысында тараптар кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы ынтымақтастықты одан әрі күшейтуге уағдаласты. Сарапшылардың айтуынша, мемлекеттік қолдау мен жергілікті бастамалардың үйлесімі сақталған жағдайда Маңғыстау өңірі алдағы жылдары экономиканың әртараптандырылған әрі тұрақты моделіне қадам басады.

«Маңғыстау» ақпарат.

• ТАҒАЙЫНДАУ

### МӘЛІК ӘБДІҚАДЫРОВ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ КЕЛІСІМІ БОЙЫНША ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ӘКІМІМЕН МӘЛІК ӘБДІҚАДЫРОВ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

Мәлік Әбдіқадиров «Қайнар» университетінде құқықтану мамандығы бойынша, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде мұнай-газ ісі бойынша білім алған. Ұлыбританиядағы Абердин университетінде құқық магистрі дәрежесін иеленген.

Ұзақ жылдар бойы облыстық прокуратурада қызмет етті, Қазақстан Республикасы бас прокуратурасының басқармаларында басшылық қызметтерді атқарды. «Западная курна-2», «Лукойл-Оверсиз» жобасы Ирак мемлекеті Басра қаласында, ҚР Табиғи монополияларды реттеу, ҚР Ұлттық экономика министрлігі бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің департаментін басқарды.

2020–2024 жылдары – Ақтау қаласы әкімінің орынбасары, Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

Осы уақытқа дейін Маңғыстау облысы әкімі аппаратының басшысы лауазымында болды.

Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

• БҮГІНГІ САНДА

### МАҢҒЫСТАУ ТУРИЗМІ: БАҒЫТЫ АЙҚЫН, МЕЖЕСІ БИІК



» 5

### МАҢҒЫСТАУ ТЕАТРЫ ЫСТАНБҰЛ САХНАСЫНДА



» 8

ТАБИҒАТ СҰЛУЛЫҒЫН ТАМАШАЛАУ – БҰЛ ДА БІР ДЕМАЛЫС

Кейінгі жылдары елімізде туризм саласына ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығымен ерекшеленіп тұр. Туризм саласын дамытудың экономикалық тұрғыда және Қазақстанның табиғи, мәдени-рухани келбетін өзге елдерге таныту бағытында екі жақты пайдасы бар десек, таңғажайыптарға толы Маңғыстау аспан астындағы мұражай демекші. Жалпы әр аймақтың немесе елдің өзіне тән табиғи ерекшелігі болады. Маңғыстаудың бетке ұстар әдемі мекендерінің бірі – Бозжыра шатқалы. Әрі бұл мекен облыстың символына айналған. Бозжыраның сұлулығын ғаламтор арқылы көрген шетелдіктер осынау табиғат тамашасын жақыннан бір көру үшін мыңдаған шақырым жерді артқа тастап, келушілер саны жыл санап артып келеді.

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2026 жылғы 4 ақпандағы қаулысына сәйкес «Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі аумағында көрсетілген туристік қызметтер үшін төлемақы алу тәртібін енгізді. Аталған шешім табиғи аумақтарды сақтау, туристік инфрақұрылымды дамыту және келушілерге көрсетілген қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қабылданды. Қазіргі таңда

«Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі аумағында кеңінен танымал «Жосалы Бозжыра», «Қызылсай-Тұзбайыр», «Қызылқұл-Боқты» туристік маршруттары жұмыс істейді. Осы бағыттарға келетін туристер үшін көрсетілетін қызметтер облыс әкімінің қаулысымен бекітілген тарифтерге сәйкес ақылы негізде жүзеге асады. «Қызылсай» мемлекеттік өңірлік та-

биғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшері:

1. Экскурсия ұйымдастырушы қызметін ұсыну – 1 топ (20 адамға дейін) 1 тәулікке 7816 тт.
2. Жолсерік қызметін ұсыну – 1 топ (20 адамға дейін) 1 тәулікке 3986 тт.
3. Көлік (Газель NEXT) қызметін ұсыну – 1 топ (16 адамға дейін) 1 тәулікке 68692 тт.
4. Туристік құрал-жабдықтар ұсыну: Туристік шатырды ұсыну; 1 бірлік 1 тәулікке 2987 тт. Жатын қапшықты ұсыну; 1 бірлік 1 тәулікке 1352 тт. Вагон үйшікті ұсыну (6 адамға) 1 бірлік 1 тәулікке 89110 тт.

Көлік тұрақтарын ұсыну – 1 бірлік 1 тәулікке 827 тт. **А.ДАУЛЕТОВА,** «Қызылсай өңірлік табиғи паркі» КММ-ның туризм және рекреация инженері.

ТӘРБИЕШІ БОЛУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бала кезден менің арманым осы сала, яғни тәрбиеші болу еді. Уақыт өте келе сол арманыма қол жеткіздім. Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Тәрбиеші – балаларды адам мәдениетінің күрделі және алуан түрлі қарым-қатынастарымен таныстыратын маман.

Мен балабақшада бес жылдан астам уақыт еңбек етіп келе жатырмын, бұл жұмысымнан жалыққан емеспін. Балабақша есігін ашқанымда «бақытты балалық шақ» әлеміне түскенімді түсіндім. Әр мамандықтың өз қиындығы, өз қызығы бар. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты. Балаларды ана тілінде дұрыс сөйлету, олардың ой-сезімдерін анық, еркін, көркем жеткізе алуға баулу, танымдық қабілеттерін дамыту – тәрбиешінің мақсаттарының бірі. Ұстаз – киелі мамандық. Адам тәрбиелеу, оған ғылыми негіздерінен мәлімет беру, баланы өмір сүруге үйрету – қиын шаруа. Тәрбиеші күн сайын ерлікке пара-пар жұмыс жасайды.

Менің кәсібіме, іс-әрекетіме деген көзқарастың қалыптасуына әріптес ұстаздарымның рөлі ерекше болды және т.б. педагогтерден үлгі-өнеге алдым.

Әрдайым тәлімгерлерден алған ең басты сабағым – балаға деген мейірімділік, қамқорлық және жанашырлық, шыдамдылық, шынайы болу және әрдайым шығармашылық ізденісте болу.

Әр таңда өз кішкентай достарымды асыға күтемін, олардың әрқайсысы бүгін қандай көңіл күймен келетінін ойлаймын. Кішкентай адамның көкірегі ашық, жүрегі жұмсақ болады.

Балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Себебі тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді. Олар кішкентай алақанын алақаныма қойып, құпияларын айтып маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды.



Балабақшадағы әрбір ісімізді еліміздің ертеңі, болашағы үшін арнау басты парызымыз деп санаймыз. Осы шеберлік пен шыдамдылықты қажет ететін күрделі үрдісте дер кезінде алынған мектепке дейінгі білімнің әрбір бала үшін, сонымен қатар еліміздің болашағы үшін өмірлік маңызы зор. Сондықтан біздің бүгінгі міндетіміз – тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашақ бастауы болатын бүлдіршіндерімізді саналы азамат етіп тәрбиелеу. Менің басты парызым – мықты азаматтарды тәрбиелеп, елге қызмет етуге шақыру.

**Нүрия НУХИЕВА,** «Рахат» бөбекжайының тәрбиеші-модераторы. Шетпе ауылы.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МАҚТАНЫШ

Білім мен ғылымды ұштастырған оқушылардың жетістігі – ел болашағының айқын көрінісі. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес 2-7-сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстардың конкурсы жоспарға сай өтті.



Конкурстың мақсаты – балалардың зерттеу дағдыларын дамыту және мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру. Конкурс төрт кезеңде өтті. 2-7-сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстардың конкурсының аудандық кезеңіне мектебімізден әр түрлі секцияларына 11 оқушы қатысып, 8 оқушымыз I, II, III жүлделі орындарға ие болды.

Облыстық кезеңге 2 оқушымыз қатысты. «Математика, қолданбалы математика» бағыты бойынша 2 «А» сынып оқушысы Омар Жайна II орын мен сертификат алды. Жетекшісі бастауыш пәнінің мұғалімі Гүлсара Аюесова «Химия, биология» бағыты бойынша 5 «А» сынып оқушысы Бисенбай Естай I орын алып, республикалық кезеңге жолдама алды. «Зерде» конкурсының республикалық кезеңі

жаратылыстану-математикалық бағыты 2026 жылдың 28-31 қаңтар күндері Ақмола облысы, Щучинск қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы базасында өтті. Республика деңгейінде өткен бұл сайысқа еліміздің түкпір-түкпірінен ең үздік жобалар ұсынылып, қатысушылар арасында өзара бәсеке жоғары деңгейде өтті. Аталған білім бәйгесіне Маңғыстау облысынан 15 жас зерттеушілер қатысып, мектебіміздің оқушысы Бисенбай Естай республикалық кезеңнен жүлделі II орынды иеленіп, үлкен жетістікке қол жеткізді. Естайдың зерттеген жұмысы мысыр тауығының үй жағдайында өсірудің тиімді технологиясын анықтап

және оның өнімділікке әсерін тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Аталған байқау оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілетін дамытуға, шығармашылық ойлауын қалыптастыруға және ізденіске баулуға бағытталған. Осындай ауқымды додада жүлделі орын алу – үлкен еңбек пен табандылықтың нәтижесі. Жобаның ғылыми тұрғыда сауатты, мазмұнды әрі жүйелі дайындалуына жетекшілік еткен бастауыш пәнінің мұғалімі Мөлдір Ержанова мен анасы Жазира Сарыеваның еңбегі ерекше. Ұстаздың бағыт-бағдары, кәсіби шеберлігі мен оқушыға деген жауапкершілігі нәтижесінде бұл жұмыс жоғары бағаланды. Мөлдір Ержанованың шәкірт тәрбиелеудегі тынымсыз еңбегі мен жанашыл көзқарасы осындай жетістіктер арқылы көрініс табуда. Жұлдегер оқушымыздың бұл табысы – тек жеке жеңіс емес, сонымен қатар білім ордасының, ұстаздар қауымының және ата-ананың ортақ қуанышы. Мұндай жетістіктер өзге оқушыларға үлгі болып, ғылымға деген қызығушылықты арттырады сөзсіз.

Жас зерттеушімізге алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, ғылыми ізденістерде талағай табыстарға жете беруге тілектеспіз. Ал шәкіртін шындей білген ұстазға шығармашылық табыс пен еңбегінің жемісін көре беруін тілейміз.

**Айсұлу ҚЫЗЫЛҒҰЛОВА,** №6 жалпы білім беретін мектептің бейіндік жөніндегі орынбасары. Қарақия ауданы.

Мұнайлы ауданы әкімдігінің ҚАУЛЫСЫ

Мұнайлы ауданы №49 24 ақпан 2026 ж.

Мұнайлы ауданы аумағында орналасқан жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 84-баптарына, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңының 37-бабына, мемлекеттік мүлік туралы заңына және 2025 жылғы 9 желтоқсандағы «Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шығыс №02-05-681 хатына сәйкес Мұнайлы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұнайлы ауданы, Тамақ бекетінен Ақтау Халықаралық әуежайына дейінгі темір жол желісінің құрылысын салу үшін Мұнайлы ауданына қарасты жеке меншік құқығымен табысталған «Шыны пластикалық құбырлар зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі (кадастрлық нөмірі: 13:200:090:061) жалпы алаңы 44,1000 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару рәсімі басталсын.
2. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару күні осы қаулының ресми жарияланған күнінен бастап 3 (үш) ай мерзім болып белгіленсін.
3. Осы қаулыда көрсетілген меншік иелері келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін Мұнайлы ауданы әкімдігіне хабарласу ұсынылсын.
4. «Мұнайлы аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Ф.Салихов) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
5. Осы қаулы қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Мұнайлы ауданы әкімдігінің интернет-ресурстарын қоса алғанда, республикалық немесе жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Нұрмұханға жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қ.ҚҰЛЖАНОВ,** Мұнайлы ауданының әкімі.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«ABSOLUTE OIL LTD» Жеке компаниясы «Солтүстік-Батыс Елемес кен орнында тереңдігі 3060 м №Е-200 көлденең өндіру ұңғы масын салуға арналған жеке техникалық жобаға» қоршаған ортаны қорғау бөлімі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іш-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 6 сәуір сағат 15:00-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Боранқұл ауылы, мәдениет үйі ғимараты. **Онлайн қосылымға сілтеме:** <https://us06web.zoom.us/j/82130809121?pwd=Unka2Ms0O8MoOgJC5XQRCLaJPoEuC.1>

**Конференция идентификаторы:** 821 3080 9121, **Кіру коды:** 464748. **Белгіленген қызметтің бастамашысы:** Absolute Oil LTD ЖҚ, Астана қ., Есіп ауданы, Мәңгілік даңғылы, 37-үй, 29-пәтер, БСН: 240940900632, Эколог – Жаннат Екибаева, тел. 8 (701) 999 2484.

**Жобаны жасақтаушы:** «КазНИГРИ» ЖШС, БСН: 991240001478, эл.пошта: [info@kaznigri.kz](mailto:info@kaznigri.kz), тел: 8 (7122)763090.

**Жергілікті атқарушы орган:** «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz), тел.: 8(7292) 43-10-88; ұялы тел.: +7 (778) 113-9897.

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында орналастырылған. Солтүстік-Батыс Елемес кен орнындағы №Е-200 координаттары – 46°01'33,9497" с.е., 54°01'17,7839" ш.б. Боранқұл ауылы координаттары – 46°12'28" с. е. 54°28'16" ш.б.

БАСПАСӨЗ-2026

«МАҢҒЫСТАУ» газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр



«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады



Туған өлкеніңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ

Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Занды тұлғалар үшін 1 жылға	16 370,00	25 881,96	15492
Жеке тұлғалар үшін 1 жылға	8 185,00	12 947,52	65492

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ЖОБА БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қоршаған ортаны қорғау түзету бөлімдері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқас кен орнының объектілерінде орналасқан ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс жобаларына қоғамдық тыңдау өткізеді.

**Жоба атаулары:**  
 1. «К/о Қаламқас тығыздау ұңғымаларын жайластыру 21 кезек»;  
 2. «Қаламқас к/о ГУ жұмыс істеп тұрған қосымша жабдықтарды орнату»;  
 3. «Маңғыстау облысының Қаламқас к/о 5 газ өндіру ұңғымаларын жайластыру».

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°20'28" с. ш. 51°54'08" в. д.  
 Қоғамдық тыңдауларды өткізу аумағы, күні, уақыты және орны: 2026 жылғы, 7 сәуірде сағат 15.00-де, Маңғыстау ауданы, Шебір ауылы әкімдігінің ақт залында өтеді.  
**Microsoft Teams арқылы онлайн қосылуға сілтеме:**  
<https://teams.microsoft.com/meet/48230776502717?p=vFU08vuyHSOcj46H1HO>

**Конференция идентификаторы:** 482 307 765 027 17  
**Кіру коды:** K7U7nt6o  
**Тұтынушы:** «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ; «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, БСН: 990140000483, Ақтау Қ., 6-ш/а, 1-ғимарат, тел.: 8 17292/ 212-226.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>

**Жобаның әзірлеушісі:** «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, күрделі құрылыс департаменті;

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста.

Материалдарды сұрауға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: [a.zharagova@mng.kz](mailto:a.zharagova@mng.kz), 212-226

**Ескертулер мен ұсыныстар** <https://ndbecology.gov.kz> және электр. ЖАО мекен-жайы [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz) сайтында қабылданады.

**"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС**  
 ЖАРНАМА БӨЛІМІ

8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы

**МАҢҒЫСТАУ MEDIA**



подписка через Kaspi Bank

Газета  
выходит  
во вторник  
и четверг

# ОГНИ

# Манғыстау

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ

Издаётся с июля 1967 года

ЧЕТВЕРГ ● 26 февраля 2026 года ● № 15 (13284)

## ПРЕЗИДЕНТ НАГРАДИЛ ЧЕМПИОНА XXV ЗИМНИХ ОЛИМПИЙСКИХ ИГР МИХАИЛА ШАЙДОРОВА

В резиденции Акорда состоялась церемония награждения чемпиона XXV зимних Олимпийских игр Михаила Шайдорова и его тренеров, сообщает пресс-служба Главы государства.



В своем выступлении Президент Касым-Жомарт Токаев отметил, что эта Олимпиада стала поистине исключительным событием для всего Казахстана.

— Благодаря триумфу Михаила Шайдорова, завоевавшего золото в фигурном катании, небесно-голубой флаг Казахстана высоко поднялся над олимпийской ареной. Прежде всего, хочу поздравить и искренне поблагодарить Михаила, а также выразить признательность его отцу, тренеру и всем, кто сегодня собрался в Акорде. Мировое признание Михаила — это результат вашего усердного труда и целеустремленности! Под вашим началом он стал выдающимся спортсменом и смог в полной мере раскрыть свой талант. Сегодня Михаилом гордится вся страна, а для молодых ребят он стал настоящим образцом для подражания. Стать олимпийским чемпионом — значит принять вызов и быть готовым пройти сложнейшую дистанцию. Высоких достижений добивается лишь тот, кто неустанно трудится и проявляет железную дисциплину, — сказал Касым-Жомарт Токаев.

Президент подчеркнул, что победа Михаила Шайдорова стала грандиозным достижением в летописи отечественного спорта.

— Прежде всего, это историческая награда, которую казахстанцы ждали целых 32 года. Во-вторых, это первое олимпийское золото, которое завоевали отечественные фигуристы. В-третьих, весь мир смог убедиться, что в Казахстане есть яркие таланты, которые достойно продолжают славный путь знаменитого фигуриста Дениса Тена. Блестящее выступление Михаила Шайдорова на Олимпиаде — успех исторического значения. Это настоящий триумф, сотворенный нашим соотечественником на льду Кортини-д'Ампеццо. Это

результат неимоверно упорной работы над собой олимпийского чемпиона, его веры в собственные силы, его любви к такому очень сложному виду спорта, как фигурное катание, — отметил Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства особо отметил заслуги Станислава Шайдорова, отца и первого тренера олимпийского чемпиона.

— Станислав Александрович — многократный чемпион Казахстана по фигурному катанию, и как отец, и как первый тренер помог Михаилу сделать первые шаги на льду, и он всегда был рядом со своим сыном в самые трудные моменты жизни. В качестве Главы государства хочу выразить Вам сердечную благодарность за такого сына, настоящего патриота, высоко поднявшего государственный флаг Республики Казахстан на главной спортивной арене мира. Я прочитал Ваши интервью и должен признать, что Вы с честью и достоинством выполнили свой долг любящего отца, ни минуты не сомневающегося в успехе спортивной миссии своего талантливого сына Михаила. Вы вместе прошли извилистый путь через тернии к звездам, и сегодня вполне заслуженно пожинаете сладкие плоды упорнейшего труда, принимаете слова искреннего уважения и восхищения. Вы заслужили всенародную славу. Народ благодарен Вам за истинный патриотизм. Я присоединяюсь к этим идущим от всего сердца народным чувствам благодарности и уважения, — заявил Президент.

Касым-Жомарт Токаев также поприветствовал тренера олимпийского чемпиона, выдающегося спортсмена, чемпиона Олимпиады 1994 года, чемпиона мира Алексея Урманова.

— Будучи крупным специалистом в области фигурного катания, Вы воспитали более чем достойного наследника и продолжателя Ваших великих достижений в этом виде спорта. Значительный вклад в достижение данного феноменального успеха внесли профильное министерство, федерация, а также Национальный олимпийский комитет во главе с прославленным боксером Геннадием Головкиным, чье имя недавно внесено во Всемирный зал боксерской славы. Наши соотечественники с большим волнением следили за перипетиями спортивной борьбы, особенно после осложнения произвольной программы Михаила, который пошел на риск и буквально вырвал победу на главном турнире человечества. Это тоже не случайно, ведь далеко не каждый может столь успешно использовать такой, возможно, единственный шанс в своей жизни. Как гласит древняя мудрость, не проворным достается успех, но время и случай для каждого из нас.

Триумф Михаила, уверен, вдохновил тысячи молодых казахстанцев к занятию спортом, укрепил их веру в то, что любые, даже самые, казалось бы, фантастические мечты все же исполняются, если проявить трудолюбие, решимость, несгибаемую волю. Тысячи мальчиков и девочек нашей страны

сегодня с восхищением смотрят на Михаила Шайдорова и хотя бы похожими на него, мечтают стать великими спортсменами. Это значит, в нашей стране непременно появятся новые звезды мирового спорта. Имена всех олимпийских чемпионов навсегда попадают в летопись мирового спорта, их достижения фиксируются в музее Международного олимпийского комитета в Лозанне. Теперь туристы из различных стран, посещающие этот музей, смогут вновь стать свидетелями блестящей победы Михаила Шайдорова на Олимпиаде 2026 года, — подчеркнул он.

Президент заявил, что со стороны государства будут создаваться все условия для развития массового и профессионального спорта. Это является приоритетом государственной политики.

— Результаты олимпиад были и остаются важным мерилем прогресса государств. Наша страна заняла 25-ю позицию по общему числу спортсменов, выступавших на этих соревнованиях. Мы строим Справедливый Казахстан, где каждый целеустремленный, трудолюбивый человек должен обладать большими возможностями для самореализации, в том числе в спорте. Честная конкуренция, меритократия, дисциплина, ответственность — это то, на чем держится и большой спорт, и любое сильное государство. Развитие созидательного потенциала нации стало смысловым стержнем проекта новой Народной Конституции, вынесенной на республиканский референдум. Основным законом призван укрепить фундамент государства, в котором принципы Справедливости, законопослушания, бережного отношения к природе, патриотизма станут главной движущей силой прогресса, — сказал Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства заявил, что в развитии государства, как и в большом спорте, успех сопутствует тем, кто ставит перед собой сложные цели, упорным трудом и командной работой добивается их воплощения в жизнь.

— Сегодня мы поздравляем Михаила и в его лице всех членов национальной сборной, которые проявили свои лучшие качества и приложили все усилия для достижения успехов, в том числе личных рекордов. Для некоторых спортсменов это были первые старты такого огромного масштаба, и они показали достойный результат. Важно, что многие наши спортсмены вошли в топ-10 в своих дисциплинах. Это хорошая база для будущих достижений. Успехи наших граждан на международном уровне, будь то в спорте или в школьных и студенческих олимпиадах, в искусстве и других сферах, говорят о неуклонном подъеме нашего государства. Совсем скоро в Милане и Кортинед'Ампеццо начнутся зимние Паралимпийские игры. Хотел бы пожелать удачи нашим спортсменам! — сказал Президент.

Касым-Жомарт Токаев напомнил, что через два года наши атлеты поедут на летние Олимпийские игры в Лос-Анджелесе.

— Перед министерством, Национальным олимпийским комитетом, федерациями стоит задача проявить коллегиальный стиль работы, обеспечить эффективную поддержку членов сборной команды. Особое внимание нужно уделить подготовке к зимним Азиатским играм 2029 года, которые пройдут в Алматы. Игры должны быть организованы на самом высоком уровне. Это очень важное событие, которое придаст новый импульс развитию спорта в Казахстане с ощутимым эффектом для нашей экономики и сферы туризма, — подытожил свое выступление Глава государства.

Затем Касым-Жомарт Токаев за высокие спортивные достижения на XXV зимних Олимпийских играх наградил орденом «Барыс» II степени Михаила Шайдорова, орденом «Достық» II степени — тренера-консультанта Алексея Урманова. Орденом «Құрмет» были отмечены главный тренер национальной сборной команды по фигурному катанию Асем Касанова, тренер по фигурному катанию Станислав Шайдоров, президент Казахстанского союза фигурного катания на коньках Бауыржан Ералы.

В свою очередь олимпийский чемпион Михаил Шайдоров поблагодарил Главу государства и всех казахстанцев за поддержку.

— Уважаемый Касым-Жомарт Кемелевич! Для меня огромная честь находиться здесь в статусе олимпийского чемпиона. Эта медаль — не только моя победа, это победа моих родителей, моих тренеров и всех казахстанцев, которые болели за меня, переживали и поддерживали. Эта победа — доказательство того, что мечты сбываются, когда за ними стоит кропотливый труд, работа, любовь и вера близких людей. Внимание, которое Вы уделяете нам, спортсменам, способствует большим достижениям, новым историям и рекордам. Олимпийское золото для меня — не финал. Впереди большой путь, который я хочу пройти с ответственностью за свою страну, и быть примером для молодого поколения и продолжать прославлять нашу страну для всего мира. Рахмет Сізге! С гордостью служу своей любимой стране — Казахстану! — сказал Михаил Шайдоров.



# МИНИМИЗАЦИЯ РИСКОВ И УГРОЗ ФИНАНСОВОЙ И ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

В условиях глобализации, цифровой трансформации и усиления геополитической нестабильности вопросы минимизации рисков и угроз финансовой и экономической безопасности приобретают стратегическое значение для государств, бизнеса и общества в целом. Современная мировая экономика характеризуется высокой степенью взаимозависимости национальных рынков, активным движением капитала, развитием транснациональных корпораций и цифровых финансовых технологий. Такие процессы, с одной стороны, создают новые возможности для роста и инноваций, а с другой — повышают уязвимость экономических систем перед внутренними и внешними шоками.



Фото из открытых источников

использованию ресурсов, поддержанию социальной стабильности и независимости от критических внешних факторов.

В структуре экономической безопасности традиционно выделяют следующие компоненты: финансовую, инвестиционную, производственную, энергетическую, продовольственную, внешнеэкономическую, научно-технологическую и социальную безопасность. Финансовая безопасность, в свою очередь, включает устойчивость бюджетной системы, стабильность банковского сектора, надежность страхового рынка, сбалансированность платежного баланса и управляемость государственного долга. Эффективная система обеспечения экономической безопасности должна базироваться на принципах системности, превентивности, адаптивности и координации действий различных институтов.

Особое место занимают киберугрозы, включая фишинг, хакерские атаки на банковскую инфраструктуру, взломы платежных систем и распространение вредоносного программного обеспечения. Цифровизация финансовых услуг усиливает масштабы потенциального ущерба от подобных атак.

Минимизация рисков и угроз финансовой и экономической безопасности представляет собой комплексную и многоплановую задачу, требующую согласованных действий государства, бизнеса и общества. В условиях глобальных вызовов, цифровизации и усиливающейся конкуренции обеспечение устойчивости финансовой системы становится основой национального развития и сохранения суверенитета.

Таким образом, минимизация рисков финансовой и экономической безопасности — это непрерывный процесс, требующий постоянного мониторинга, анализа и совершенствования управленческих механизмов. Только комплексный и стратегически ориентированный подход способен обеспечить устойчивое развитие экономики, защиту национальных интересов и благополучие общества в условиях глобальной нестабильности.

**Г. БЕРМУХАМЕДОВА,**

кандидат экономических наук, ассоциированный профессор кафедры «Экономика и финансы» Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова

**Н**АРУШЕНИЕ логистических цепочек, рост инфляции, нестабильность фондовых рынков и банковские кризисы стали факторами, существенно влияющими на устойчивость национальных экономик. В этой связи обеспечение финансовой и экономической безопасности становится не только задачей органов государственной власти, но и ключевым направлением стратегического управления на уровне корпораций и финансовых институтов.

Дополнительным источником угроз выступает стремительное развитие цифровых технологий. Распространение электронных платежей, онлайн-банкинга, криптовалют и цифровых платформ усиливает риски киберпреступности, мошенничества, утечки данных и несанкционированного доступа к финансовым ресурсам. В условиях цифровой экономики финансовая безопасность тесно связана с информационной и кибербезопасностью, что требует комплексного междисциплинарного подхода к управлению рисками.

Таким образом, актуальность темы минимизации рисков и угроз финансовой и экономической безопасности обусловлена необходимостью обеспечения устойчивого развития, сохранения суверенитета, поддержания конкурентоспособности и защиты интересов граждан и бизнеса в условиях возрастающей неопределенности и динамичности внешней среды.

Финансовая безопасность представляет собой состояние защищенности финансовой системы государства, хозяйствующих субъектов и домохозяйств от внутренних и внешних угроз, обеспечивающее стабильность функционирования, платежеспособность и устойчивость к кризисам. Экономическая безопасность — более широкое понятие, включающее способность национальной экономики к устойчивому росту, эффективному

## «ТАЛПЫН» — ТЕРРИТОРИЯ ВОЗМОЖНОСТЕЙ: ПРЕПОДАВАТЕЛИ YESSENOV UNIVERSITY СТАЛИ НАСТАВНИКАМИ БУДУЩИХ ЛИДЕРОВ

17 декабря 2025 года в городе Актау состоялся финал конкурса стартап-проектов «Талпын», реализуемого при финансовой поддержке фонда «Халық». Проект стал ярким событием для системы технического и профессионального образования региона, объединив самых инициативных и амбициозных студентов колледжей.

В центре внимания — идеи, способные изменить экономический и социальный ландшафт области. Участники представили стартапы в сфере технологий, экологии, сервиса, креативных индустрий и предпринимательства. Каждая работа — не просто учебный проект, а попытка предложить реальное решение актуальных задач региона.

Особую роль в конкурсе сыграли преподаватели Yessenov University Нургуль Пернебекқызы и Фатима Салкынбаева, выступившие в качестве официальных менторов проекта. Их участие придало инициативе высокий экспертный уровень и обеспечило профессиональное сопровождение команд на всех этапах подготовки к финалу.

Наставники помогли студентам структурировать бизнес-идеи, разрабатывать финансовые модели, готовить презента-

ции и уверенно защищать свои проекты перед жюри. Такой формат взаимодействия стал важным мостом между колледжами и университетом, усилив преемственность образовательной траектории «колледж — вуз — предпринимательство».

Для Yessenov University менторство в рамках «Талпын» — стратегическая миссия. Университет последовательно поддерживает развитие молодежного предпринимательства, формирование инновационного мышления и практико-ориентированного образования. Участие преподавателей в проекте подтвердило их готовность делиться знаниями, опытом и вдохновением, способствуя раскрытию потенциала молодых новаторов Мангистау.

Финал конкурса показал, что в регионе формируется новое поколение предпринимателей — смелых, креативных и ориентированных на результат. А поддержка фонда «Халық» и экспертное сопровождение Yessenov University создают прочную основу для того, чтобы эти идеи получили дальнейшее развитие и реальное воплощение.

«Талпын» — больше чем конкурс. Это символ движения вперед, стремления к росту и веры в молодежь. И вклад преподавателей Yessenov University в этот процесс стал важной частью истории успеха региона.

**Н. ПЕРНЕБЕККЫЗЫ,**

PhD, ассоциированный профессор кафедры «Менеджмент» факультета «Бизнес и туризм» Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова

### АО «Мангистаумунайгаз» СООБЩАЕТ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ по проекту Корректировка разделов «Охрана окружающей среды» к проектам:

1. «Обустройство уплотняющих скважин м/р Каламкас. 21 очередь»;
2. «Установка дополнительного оборудования действующей ГУ м/р Каламкас»;
3. «Обустройство 5-ти газодобывающих скважин м/р Каламкас Мангистауской области».

Географические координаты участка и территории возведения: 45°20'28" с.ш. 51°54'08" в.д.

**Дата и место проведения общественных слушаний:** 7 апреля 2026 года, в 15.00 часов в актовом зале акимата с. Шебир, Мангистауского района.

Интернет-платформа Microsoft Teams.

<https://teams.microsoft.com/join/48230776502717?p=vFUU8vyHSOcJ46HNO>.

**Идентификатор конференции:** 482 307 765 027 17.

**Секретный код:** K7U7nt6o.

**Заказчик:** ПУ «Каламкасмунайгаз» АО «Мангистаумунайгаз»; БИН: 990140000483, тел. 8 (7292) 212-226.

**Разработчик:** ДКС АО «Мангистаумунайгаз».

**Документация размещена на портале** <https://ndbecology.gov.kz>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>.

**Адрес эл. почты, по которой можно запросить материалы:** a.zhaparova@mmg.kz, тел. 212-226.

Замечания и предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz>, и эл. адрес МИО: s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

### ЧК Absolute Oil LTD СООБЩАЕТ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ

в форме открытого собрания по «Индивидуальному техническому проекту на строительство добывающей горизонтальной скважины № Е-200 глубиной 3060 м на месторождении Елемес Северо-Западный», Раздел охраны окружающей среды (РООС) и План мероприятий по охране окружающей среды.

**Дата и место слушаний:** 6 апреля 2026 года в 15:00 ч., Мангистауская обл., с. Боранкул, зд. Дома культуры.

**Ссылка на онлайн-подключение:** <https://us06web.zoom.us/j/82130809121?pwd=Unka2Ms0O8MoOgjC5XQRCLaJPoEuC.1>.

**Идентификатор конференции:** 821 3080 9121.

**Код доступа:** 464748.

**Инициатор намеряемой деятельности:** ЧК Absolute Oil LTD, 010000, г. Астана, р-н Есиль, пр. Мангилик ел. д. 37, кв. 29, БИН: 240940900632, эколог — Екибаева Жаннат, тел. 8 (701) 999 2484.

**Проектная организация:** ТОО «КазНИГРИ», БИН: 991240001478, эл. почта: info@kaznigri.kz, тел. 8 (7122) 763090.

**Местный исполнительный орган:** ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл. почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., раб.тел. 8 (7292) 43-10-88; моб.тел. +7 (778) 113-9897.

**Документация по проекту размещена на портале:** <https://ndbecology.gov.kz>.

Координаты скважины Е-200 на месторождении Елемес Северо-Западный — 46°01'33,9497" с.ш., 54°01'7,7839" в.д.  
Координаты села Боранкул — 46°12'28" с.ш. 54°28'16" в.д.

№ 077

### Нотариус Мунайлинского района Карабашева А. Н. РАЗЫСКИВАЕТ НАСЛЕДНИКОВ

гр. Саурбаева Жанжигита, умершего 21.10.2012 года. Наследников или лиц, имеющих информацию о месте нахождения таковых, прошу обращаться в течение одного месяца после опубликования объявления по адресу: Мангистауская обл., Мунайлинский р-н, с. Мангистау, квартал 19, дом 11, оф. 2.

№ 078

## РАЗМЕЩЕНИЕ РЕКЛАМЫ

на страницах областной общественно-политической газеты «Огни Мангистау»

**Телефоны: 20-48-42, 8 778 1459093**